

"БТА Банкі" акционерлік қоғамының  
еншілес ұйымы — "Темірбанк"  
акционерлік қоғамы  
Акционерлерінің кезектен тыс  
жалпы жиналысының шешімімен

**бекітілген**

( "21" маусым 2010 жылғы №24  
хаттама )

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігімен

**келісілген**


"24" маусым 2010 жыл

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі төрағасының орынбасары



БАЙСЫНОВ М.Б.

## "Темірбанк" акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ



Алматы қ.

2010

СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және "Темірбанк" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) құқықтық мәртебесін белгілейді.

## 1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1 бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:
  - 1) қазақ тілінде: "Темірбанк" акционерлік қоғамы;
  - 2) орыс тілінде: акционерное общество "Темірбанк";
  - 3) ағылшын тілінде: Temirbank Joint-stock Company.
2. Банктің қысқартылған атауы:
  - 1) қазақ тілінде:  
"Темірбанк" АҚ; немесе  
Темірбанк;
  - 2) орыс тілінде:  
АО "Темірбанк"; немесе  
Темірбанк;
  - 3) ағылшын тілінде:  
Temirbank JSC; немесе  
Temirbank, JSC; немесе  
Temirbank.

### 2 бап. Банктің атқарушы органының орналасқан жері

Банктің атқарушы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 68/74.

### 3 бап. Банктің қызмет ету мерзімі

Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

### 4 бап. Банктің құқықтық мәртебесі, қызметінің құқықтық негіздері және жауапкершілігі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Банктің меншіктік құқықта оқшауланған мүлкі болады (оқшауланған, оның ішінде, өз акционерлерінің мүліктерінен) және өз міндеттемелері бойынша осы мүліктерімен жауап береді, өз атынан мүлкі және жеке мүлкі емес құқықтар мен міндеттерді алады және жүзеге асырады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің жеке балансы болады.

Банктің мүлкі оның акциясын төлеуге енгізілген ақша, Банктің кірістері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған басқа да табыс көздері есебінен қалыптастырылады.

2. Банктің банк ретіндегі ресми мәртебесі (бұл түсінік «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген секілді) банкті ашуға берілген рұқсат негізінде және Банкте банктік операцияларды жүзеге асыруға берілген лицензия болған кезде Банкті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткізумен белгіленеді.
3. Банк өз қызметінде мыналарды басшылыққа алады:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
  - 2) Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарды;
  - 3) осы Жарғыны;
  - 4) Банктің Корпоративтік басқару кодексін және уәкілетті органдар және Банктің лауазымды тұлғалары белгіленген тәртіп бойынша бекіткен басқа да ішкі құжаттарды;
  - 5) белгіленген тәртіп бойынша өз құзырлары шегінде қабылданған органдар мен Банктің лауазымды тұлғаларының шешімдері.
4. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүліктері шегінде жауапкершілік атқарады.

Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Банк акционері Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банктің өзіне тиісті акцияларының бағасы шегінде Банк қызметіне байланысты шығындар тәуекелдігін көтереді (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайлардан басқа).

#### **Банк деректемелері және корпоративтік (ресми) Интернет-сайты**

1. Банктің өз атауы жазылған мөрі, тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі), мөртабандары және оның жекелігі (сәйкестігі) және қызметі үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

2. Банктің корпоративтік (ресми) Интернет-сайты қолданылатын заңнама мен осы Жарғыға сәйкес Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетуге арналған.

Банктің корпоративтік (ресми) Интернет-сайтының адресі – [www.temirbank.kz](http://www.temirbank.kz).

## 2 бөлім. БАНК ҚЫЗМЕТІ

### 6 бап. Банк қызметінің мақсаттары

1. Банк қызметінің негізгі мақсаты болып жоғары сапалы, ұтымды, зерделі және өте сақтықпен жүзеге асырылатын банктік операциялар және банктер жүзеге асыруға рұқсат берілген, және құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызметіне байланысты өзге де операциялар табылады.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілгендерден басқа, Қоғам қызметінің басқа мақсаттары Банк органдарымен өздерінің құзырлары шегінде белгіленеді.

### 7 бап. Банк қызметінің түрлері

1. Банк мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:
  - 1) банктік қызмет;
  - 2) банктер жүзеге асыруға рұқсат берілген құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет;
  - 3) қолданылатын заңмен Банк жүзеге асыруға тиым салынбаған өзге де қызмет түрлері.
2. заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын қызметтерді Банк тиісті лицензиялар негізінде және осындай лицензияларға сәйкес жүзеге асырады.

## 3 бөлім. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНКТИҢ РЕЗЕРВТИК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫ

### 8 бап. Банк акциялары

1. Банктің жарияланатын акцияларының түрлері мен акция түрлері бойынша олардың сандары акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді және Банк акционерлері жалпы жиналысының оның жарияланған акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешіміне (шешімдеріне) сәйкес жасалатын Банктің жарияланған акцияларын шығару проспектісінде тіркеледі.
2. Банк "алтын акцияларды" шығармайды.

3. Банктің өз акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды, Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының мөлшері арасындағы айырмашылықта шығаруына құқығы бар.  
Көрсетілген құнды қағаздары Банк акциясына айырбастау шарттары мен тәртібін акционерлер жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) белгіленеді және осы құнды қағаздарды шығару проспектісінде және Банктің жарияланған акцияларын шығару проспектісінде тіркеледі.
4. Банк өз акцияларын және Банк акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды жазылым арқылы немесе құнды қағаздардың ұйымдасқан және/немесе ұйымдаспаған нарықтарында (нарығында) аукцион өткізу арқылы орналастырады.  
Банк акцияларын және Банктің акциясына айырбасталатын құнды қағаздарды орналастыру жөніндегі акцияларды өткізу және Банк акцияларына немесе Банктің акциясына айырбасталатын құнды қағаздарға жазылу талаптары мен тәртібі Директорлар кеңесімен бекітілген Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.
5. Банк акцияларына қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

**9 бап.**

**Банк акциялары бойынша дивидендтер**

1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жылына бір рет төленеді.  
Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер, қаржы жылынан басқа кезеңдердің қорытындылары бойынша есептелмейді және төленбейді.  
Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер, осы дивидендтерді төлеу мерзімі мен тәртібі көрсетілетін Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде есептеледі және төленеді.
2. Банктің бір артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілденген тоқсан сайынғы мөлшері тиісті салық сомасымен бірге, 25 теңгені құрайды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мен есептеу тоқтатылатын немесе тоқтата тұрылатын жағдайлардан басқа).

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер жылына төрт рет, кезекті тоқсан аяқталғаннан кейін төленеді (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мен есептеу тоқтатылатын немесе тоқтата тұрылатын жағдайлардан басқа).

3. Банк өзінің артықшылықты акциялары бойынша кезекті дивидендтер сомасын аударуды, осы дивидендтер төленетін тоқсан аяқталғаннан кейінгі келетін тоқсанның алғашқы айы ішінде жүзеге асырылады. (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленгендерден басқа).

Банктің осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген Банктің артықшылықты акциялары бойынша кезекті дивидендтер сомасын аудару мерзімін бұзуына, егер бұндай бұзулар Банкке осындай аударымдарды аудару үшін берілген төлем деректемелерінің дұрыс болмауынан немесе өзекті болмағандығынан туындаған болса құқығы бар.

4. Егер, соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау нәтижесінде Банктің бір жай акциясына есептелген дивидендтің мөлшері Банктің бір артықшылықты акциясы бойынша осы жыл ішінде төленген дивидендтердің жиынтықты мөлшерінен асатын болса, осы мөлшерлер арасындағы айырмашылықтар осындай шешім қабылданған тоқсан аяқталған кезде төлеуге жататын Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендке қосылады.
5. Банк акциялары бойынша дивидендтерге жататын басқа мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

#### **10 бап. Банктің резервтік капиталы және қорлары**

1. Банк өзінің банктік қызметін жүзеге асыруына байланысты жұмсалатын шығындарды жабу мақсатында Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен резервтік капиталды қалыптастырады.  
Банкте өзінің банктік қызметін жүзеге асыруына байланысты шығындар пайда болған кезде Банктің резервтік капиталы Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) пайдаланылады.
2. Банк органының Банк қорларын құру туралы шешімді, осы органның иелігіндегі қаражатқа және көлеміне қарай қабылдауына құқығы бар.

Банктің қандай да бір қордың тағайындалу мақсатын, оны құру және пайдалану тәртібін осындай қорды құру жөнінде шешім қабылдаған Банктің органы белгілейді.

#### **4 бөлім. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

##### **11 бап. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Банк акционерлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген құқықтарды пайдаланады, сонымен қатар:
  - 1) Банк акционерлері Банк қызметі туралы ақпарат алады, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің қаржы есебімен танысады;
  - 2) Банк акционерлеріне Банктің құнды қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығын пайдалануы жөніндегі ұсыныс (оның жариялаған акцияларын Банктің орналастыруы немесе Банк акцияларына айырбасталатын құнды қағаздар, бұрын өздері сатып алған акцияларды немесе Банк акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды Банктің сатуы) осы Жарғының 20 бабында белгіленген тәртіппен Банк акционерлерінің назарына жеткізіледі.
  - 3) Банктің артықшылықты акцияларымен куәландырылған қосымша құқықтар көлемі Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғының 9 бабында белгіленген.
2. Банк акционерлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Банк акционерлерінің мәртебесімен байланысты міндеттерді атқарады

##### **12 бап. Банктің Корпоративтік басқару кодексі**

1. Банктің өз Корпоративтік басқару кодексі болуы керек.
2. Банктің Корпоративтік басқару кодексі Банкті басқару жұмысы кезінде туындайтын қарым-қатынастарды, оның ішінде акционерлер мен Банк органдары арасында, Банк органдары арасында, Банктің лауазымды тұлғалары арасында, Банктің өзі және басқа да мүдделі тұлғалары арасындағы қатынастарды реттейді (осы Жарғыға қосымша ретінде).

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің негізгі тағайындалуы бұл Банк акционерлерінің құқығын және заңдық мүдделерін қорғау механизмін белгілеу болып табылады (осы Жарғыға қосымша ретінде).

3. Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келетін Банктің Корпоративтік басқару кодексінің нормалары жарамсыз болып табылады.

**13 бап. Банктің корпоративтік хатшысы**

1. Банктің өз корпоративтік хатшысы болуы керек.
2. Банктің корпоративтік хатшысы лауазымына кандидатқа және Банктің корпоративтік хатшысына қойылатын талаптар, Банктің корпоративтік хатшысының негізгі талаптары мен қызметтері, оның құқықтары мен жауапкершіліктері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары ескеріле отырып, Банктің Директорлар кеңесімен бекітілетін Банктің корпоративтік хатшысы туралы ережеде белгіленеді.

**5 бөлім. БАНКІ БАСҚАРУ**

**14 бап. Банктің органдары**

Банктің органдары болып мыналар табылады:

- 1) жоғары орган – Банк акционерлерінің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Банктің директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Банк Басқармасы;
- 4) бақылаушы орган – Банктің Ішкі аудит қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да органдар.

**15 бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы**

1. Банк акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзырына мынадай мәселелер жатады:
  - 1) Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
  - 2) Банктің Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
  - 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе жою;
  - 4) Банктің жарияланған акцияларының мөлшерін көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Банктің жарияланған акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын оның құнды қағаздарын орналастыру, болмаса Банктің бұрын сатып алған акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын



- оның құнды қағаздарын сату, оның ішінде Банктің орналастырылатын (сатылатын) құнды қағаздарының саны туралы, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау тәртібін және шартын анықтау, сондай-ақ осы шарттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу (осы тәртіп);
  - 7) Банктің бағалы қағаздарына опциондарды шығару тәртібі мен талаптарын белгілеу, сондай-ақ осы талаптарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу (осы тәртіп);
  - 8) Банктің санақ комиссиясының сандық құрамын және олардың өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтату;
  - 9) Банк Директорлар кеңесінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банк Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілеу ;
  - 10) Банктің аудиторлық ұйымын белгілеу;
  - 11) Банктің жылдық қаржылық есебін бекіту;
  - 12) Аяқталған қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясы есебінен дивидендтердің көлемін бекіту ;
  - 13) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 14) Банк акцияларын ерікті түрде тізімнен шығару;
  - 15) Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға және оның қызметіне Банкке тиісті барлық акциялардың жиырма бес және одан да көп пайыздарын құрайтын сомада активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қатысу туралы шешім қабылдау;
  - 16) Банктің өз акционерлерін Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама нысанын белгілеу (осы баптың 3 тармағына сәйкес) және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
  - 17) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акцияларды сатып алу кезіндегі акция бағасын анықтау әдістемесін бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- 18) Банк Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 19) Банк акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін (осы баптың 3 тармағына сәйкес) белгілеу, оның ішінде Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу ;
  - 20) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және осы Жарғымен Банк акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған өзге де мәселелер.
2. Осы баптың 1 тармағындағы 1)–4) тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша Банк Акционерлері жалпы жиналысының шешімі Банктің дауыс беретін акциялары жалпы санының біліктілік көпшілік (төрттен үш дауыстан кем болмайтын) дауыс беруімен қабылданады.

Егер, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында басқаша белгіленбесе, осы баптың 1 тармағындағы 1)–4) тармақшаларда көрсетілгендерден басқа, өзге мәселелер жөніндегі Банк акционерлері жалпы жиналысының шешімі дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акциялары жалпы санының көпшілік жай дауыс беруімен қабылданады.
  3. Осы баптың 1 тармағындағы 16) және 19) тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша Банк Акционерлері жалпы жиналысының шешімі осы Жарғының 20 бабына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау түрінде қабылданады.
  4. Банк Акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзырына жататын мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындау үшін орындалуы керек болған жағдайда, Банктің басқа органдарының құзырына берілуі мүмкін.
  5. Банк Акционерлері жалпы жиналысының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі Банктің кез келген басқа органының кез келген шешімдерін жоюына құқығы бар;
  6. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және жүргізу Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады; сонымен бірге:
    - 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы кезінде дауыс беру қорытындысы туралы Банк акционерлеріне осы Жарғының 20 бабында көрсетілген тәртібі бойынша хабарланады.
    - 2) Егер, Банк акционерлері жалпы жиналысының шешімімен басқаша белгіленбесе, оның отырысына Банк акционерлерінен (Банк акционерлерінің өкілдерінен), Банк

Басқармасының мүшелерінен, Банк қызметкерлерінен басқа, Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру үшін қажетті және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсініктер беру үшін шақырусыз өзге де тұлғалар, уәкілетті органның өкілдері<sup>1</sup> қатыса алады, бұндай тұлғалардың қатысу құқығы Банк акционерлері жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді;

- 3) Банк акционерлері Банк акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары туралы осы Жарғының 20 бабында белгіленген тәртіп бойынша хабар етіледі.

#### 16 бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Қолданыстағы заңнамада басқаша белгіленбесе, Банк Директорлар кеңесінің (бұдан әрі осы бапта – Директорлар кеңесі) ерекше құзырына мынадай мәселелер жатады:
  - 1) Банк әрекетінің негізгі бағыттарын анықтау, оның ішінде Банк стратегиясы мен саясатын және оларды жүзеге асыру жөніндегі жоспарларды бекіту;
  - 2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, оның күн тәртібін жасау, Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу нысанын белгілеу (Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы өткізумен), Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақытын және орнын белгілеу, Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар Банк акционерлерінің тізімін жасайтын кезеңді белгілеу, өтпей қалған жиналыстың орнына Банк акционерлерінің жалпы жиналысын қайтадан өткізу күнін, уақытын және орнын белгілеу;
  - 3) Банктің жарияланған акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын, Банктің өзінің бұрын сатып алынған акцияларының немесе Банк акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарын сату туралы алдын ала шешім қабылдау, сонымен бірге Банктің бағалы қағаздардың санын, орналастыруын /сатуын/, бағасын, орналастыру /сату/ әдісін белгілеу.;
  - 4) Банктің өзінің орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) Банктің аудиторлық ұйымын алдын ала белгілеу;

<sup>1</sup> Осы жерде және бұдан әрі қарай уәкілетті орган дегенді Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган деп түсіну керек.

- 6) Банктің жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 7) Банктің жай акциялары бойынша төленетін дивиденд туралы, бір жай акцияға төленетін дивиденттің көлемі туралы алдын ала шешім қабылдау;
- 8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жағдайлар туындаған кезде Банктің акциялары бойынша дивидент төлемеу туралы алдын ала шешім қабылдау;
- 9) Банк акцияларын ерікті түрде тізімнен шығару туралы алдын ала шешім қабылдау;
- 10) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарды шығару шарттарын белгілеу;
- 11) Банк Басқармасының сандық құрылымын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Банк Басқармасының төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12) Банк Басқармасы төрағасының, Банк Басқармасы мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлерін және еңбек ақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- 13) Банктің Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, Банктің Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау және олардың өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу (оның ішінде Банктің Ішкі аудит қызметі туралы және осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ережені бекіту) Банктің Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 14) Банктің корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімі мен оларды мерзімінен бұрын тоқтатуды белгілеу, Банктің корпоративтік хатшысының жұмыс тәртібін белгілеу (оның ішінде Банктің корпоративтік хатшысы туралы және осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ережені бекіту), Корпоративтік хатшы болмаған кезде, орның орнын ауыстыратын тұлғаны белгілеу, Банктің корпоративтік хатшысына және оның орнын ауыстыратын тұлғаға еңбек ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 15) Банктің аудиторлық ұйымының, Банкпен жасалған ірі келісімнің кепілдік заты болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын бағалайтын бағалаушының қызметтеріне төленетін ақша мөлшерін белгілеу;
- 16) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру үшін Банк Басқармасы қабылдайтын ішкі құжаттардан басқа), оның ішінде Банктің құнды қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізу және Банктің құнды

қағаздарына жазылу, сондай-ақ осы құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Банктің ішкі құжаттарын бекіту;

- 17) Банк филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар жөніндегі ережелерді бекіту, сондай-ақ осы ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 18) Банктің басқа заңды тұлғаларды құруына қатысуы және/немесе Банктің бір заңды тұлға акцияларының жалпы санының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде олардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесі) сатып алуы туралы шешімдер қабылдау (осы Жарғының 15 бабы 1 тармағының 15) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда);
- 19) Акцияларының жалпы санының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшері (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Банкке тиісті заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының (Банк өкілінің жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі туралы) құзырына жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау;
- 20) меншік капиталы көлемінің он және одан да көп көлемін құрайтын сомаға Банк міндеттерін көбейту туралы шешім қабылдау;
- 21) Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда, Банк тіркеушісін таңдау;
- 22) Банк туралы және оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын қызметі жөніндегі ақпаратты белгілеу;
- 23) Директорлар кеңесінің мүшелерін Банктің қаржы есебімен және Банк туралы және оның қызметі туралы өзге де ақпараттармен қамтамасыз ету тәртібін белгілеу;
- 24) Банктің өте маңызды келісімдер жасауы жөнінде шешімдер қабылдау (осындай келісімдер осы баптың 4 тармағында белгіленген);
- 25) Банктің бірлескен қызмет және/немесе кірістерді (табыстарды) бөлу және/немесе кем дегенде бес жыл қолданыста болу мерзімімен шарттар жасауы жөнінде шешім қабылдау (банктік қызмет аясында жасалатын және Директорлар кеңесімен бекітілген Банк саясатына және банктік операцияларды жүргізудің жалпы талаптарын белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келетін ұзақ мерзімді шарттарды қоспағанда);

- 26) Директорлар кеңесінің төрағасын және ол болмаған кезде оның орнын ауыстыруға құқығы бар тұлғаларды сайлау;
  - 27) Директорлар кеңесінің регламентін бекіту және осы регламентке өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
  - 28) Банктің негізгі қызметінің жылдық жоспарларын және кіріс және шығыс (бюджеттер) сметаларын бекіту және оларды орындау;
  - 29) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және осы Жарғымен Директорлар кеңесінің ерекше құзырына жататын өзге де мәселелер.
2. Директорлар кеңесі осы баптың 1 тармағында аталғандардан басқа, оның қарауына шығарылған Банк қызметінің басқа да мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға (Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Банктің акционерлері жалпы жиналысының, Банк Басқармасының және Банк Басқармасы төрағасының құзырына жататын мәселелерді қоспағанда) құқығы бар.
  3. Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында, оның Басқармасымен қабылданатын Банктің ішкі құжаттарының тізімі (анықтау белгілері) Директорлар кеңесімен белгіленеді; бұнда кез келген жағдайда осындай құжаттардың есебіне мыналар жатқызылмайды:
    - 1) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңындағы операциялар жүргізудің жалпы талаптарын (жалпы талаптары туралы) анықтайтын ережелерінің анықтамасына сәйкес келетін Банктің кез келген ішкі құжаттары;
    - 2) Банк несиелерді беру жөніндегі шешімдерді қабылдау шараларын белгілейтін Банктің кез келген ішкі құжаттары;
    - 3) құнды қағаз нарығында Банк кәсіби қызметті жүзеге асырған жағдайда - Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздарының нарығы туралы» заңындағы лицензиаттың директорлар кеңесімен бекітуге жататын ішкі құжаттар анықтамасына сәйкес келетін Банктің кез келген ішкі құжаттары.
  4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, тәуелсіз директорларды қоса, алты адамнан аспауы керек (саны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі керек).
  5. Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылатын (кепіл берілетін) жеке тұлғасы Қазақстан Республикасының банктік заңнамасындағы банктің басшылық жасайтын қызметкерлеріне қойылатын талаптарға, сондай-ақ - құнды қағаз нарығында Банк кәсіби қызметті жүзеге асырған жағдайда - Қазақстан Республикасының құнды қағаздарының нарығы туралы

заңнамасындағы уәкілетті орган берген лицензияның негізінде құнды қағаз нарығында іс-әрекет жасайтын заңды тұлғаның басшылық жасайтын қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келу керек.

6. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз рет қайта сайлануға жатады.
7. Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, бұнда:
  - 1) Директорлар кеңесінің төрағасы және ол болмаған кезде Директорлар кеңесі төрағасының орнын басуға құқығы бар тұлғалар, ашық дауыс беру тәсілімен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан дауыстың көпшілігінен Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен сайланады;
  - 2) Директорлар кеңесінің отырыстары тоқсанына бір реттен кем емес жүргізілуі керек;
  - 3) Күні, уақыты мен осы отырыстың жүргізілу орнын, оның күн тәртібін көрсете отырып және осы отырыстағы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарын қоса отырып, Директорлар кеңесі отырысының жүргізілуі туралы жазбаша хабарламалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Бірлестіктің ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу туралы хабарламалардың басқа мерзімдері белгіленген кездегі жағдайларды және Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу туралы хабарламалардың мінсімі қысқартылған және үш күннен кем емес құрайтын болса, шұғыл түрде қарауды талап ететін жағдайларды қоспағанда, осы отырысының жүргізілу күніне дейін үш күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек; бұнда шұғыл түрде қарауды талап ететін жағдайда анықтау Директорлар кеңесінің төрағасы, Банктің Басқармасы немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен кем емес құрайтын Директорлар кеңесінің мүшелері жүргізеді;
  - 4) Директорлар кеңесі оның қарауына шығарылған мәселелерді қарауға және егер Директорлар кеңесінің отырысында (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруде) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес қатысатын болса (соның ішінде осы тармағының 9) тармақшасымен белгіленген тәртіппен немесе қатты дауыс бейне немесе телефон байланыс арқылы) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Банктің ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесі отырысының кворумына немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруге қойылған жоғары талаптар қойылған жағдайларды қоспағанда, олар бойынша шешімдерді қабылдауға құқығы бар;

- 5) Директорлар кеңесінің отырыстары отырыстың төрағасымен – Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе ол болмаған кезде, оның болмаған жағдайларда Директорлар кеңесінің төрағасын ауыстыратын құқығы бар тұлғалардың біреуімен немесе көрсетілген тұлғалар болмаған кезде, осы мақсаттарға директорлар кеңесі сайлаған Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі жүргізеді;
- 6) Директорлар кеңесінің отырыстары жүргізілген кезде, оның шешімдері осы отырыста қатысып отырған (соның ішінде осы тармағының 9) тармақшасымен белгіленген тәртіппен немесе қатты дауыс бейне немесе телефон байланыс арқылы) және Банктің ішкі құжаттарымен жеке мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау үшін ерекше талаптар және/немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс санына жоғары талап қойылған кездегі жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімдерді қабылдау кезде дауыс беру құқығы бар Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы дауыстар санының жай ғана көпшілікпен қабылданады; дауыстар тең болғанда, отырыс төрағасының дауысы маңызды болып табылады, осыған байланысты отырыс төрағасы жасырын дауыс беру үшін ( Директорлар кеңесі оның мүшелері жасырын дауыс берудің көмегімен шешім қабылдаған жағдайда) өз бюллетеніне қол қоюға міндетті;
- 7) Директорлар кеңесінің отырыстары жүргізілген кезде, оның шешімдері Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген жағдайларды, сондай-ақ отырыс төрағасы немесе осы отырыста қатысатын Директорлар кеңесінің екі мүшелерінен кем емес жасырын дауыс беруші талап ететін жағдайларды қоспағанда, ашық дауыс беру тәсілімен қабылданады;
- 8) Директорлар кеңесінің отырыстары жүргізілген кезде, Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерін олардың өкілдерімен алмасуға рұқсат етілмейді;
- 9) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі барлық немесе жеке мәселелері бойынша дауыс беруде дербес қатаса алмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі (соның ішінде қатты дауыс бейне немесе телефон байланыс арқылы) осы мәселелер бойынша алдын ала дауыс беруге құқығы бар; Директорлар кеңесі осындай мүшесінің алдын ала берілген дауысы, бұл дауыс осы отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі қалған мүшелерінің пікірі бойынша бір мағыналы және дәлелденетін болған жағдайда, осы отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын есептеген кезде ескеріледі.



8. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру көмегімен шешім қабылдауға құқығы бар, бұнда:
  - 1) сырттай дауыс беруге тек қана олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің бетпе-бет қатысуын талап етпейтін немесе Директорлар кеңесі мүшелері дауыс берудің бір мағыналы нәтижелер (Директорлар кеңесі мүшелерінің алдын ала сұраудың негізінде) шамаланған мәселелер, сондай-ақ Директорлар кеңесінің шұғыл шешімдерінің қабылдануын талап ететін шұғыл сипаттағы мәселелерді шығаруға болады;
  - 2) сырттай дауыс беруді жүргізу жөніндегі хабарламалар және осындай дауыс беруге арналған бюллетендер Директорлар кеңесі мүшелеріне қолма қол, факс байланысы арқылы немесе электрондық пошта бойынша жіберіледі; бұнда сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын есептегенде осы бюллетендерді есепке алу мақсатында сырттай дауыс беру үшін қол қойылған бюллетендерді Банк алатын кезеңге дейінгі уақыт көрсетіледі;
  - 3) осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес сырттай дауыс беру үшін бюллетенде көрсетілген уақыт басталғанға дейін Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі дауыс берудің үлгісі бойынша қарсылық білдіруге құқығы бар; осындай жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Банк Басқармасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті;
  - 4) Директорлар кеңесі мүшелерімен қол қойылған сырттай дауыс беру үшін бюллетендер Банкке қолма қол, факс байланыс арқылы, электрондық пошта бойынша немесе электрондық сандық қолды пайдалана отырып, Банктің корпоративтік (ресми) Интернет-сайттағы арнайы бет арқылы жіберіледі;
  - 5) сырттай дауыс беру үшін бюллетендерде қалыптастырылған шешім, егер осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес сырттай дауыс беру үшін бюллетенде көрсетілген уақыт басталғанға дейін, Банктің ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс санына жоғары талап қойылған кезде сырттай дауыс беру көмегімен жеке мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға арналған жағдайларды қоспағанда, осы шешім үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан көп дауыс берген болса, қабылданған болып саналады; дауыстар тең болғанда, отырыс төрағасының дауысы маңызды болып табылады;
  - 6) осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес сырттай дауыс беру үшін бюллетенде көрсетілген уақыт басталғанда, Директорлар кеңесінің төрағасымен (ол болмаған кезде –

ол болмаған жағдайларда Директорлар кеңесінің төрағасын ауыстыруға құқығы бар тұлғаның бірі), сондай-ақ Банктің корпоративтік хатшысымен (ол болмаған кезде - ол болмаған жағдайларда Банктің корпоративтік хатшысын ауыстыруға құқығы бар тұлғаның бірі) немесе (егер Банктің корпоративтік хатшысы және ол болмаған жағдайларда Банктің корпоративтік хатшысын ауыстыруға құқығы бар тұлғалар сайланбаған немесе болмаған кезде) Банк Басқармасының Төрағасымен немесе оны ауыстыратын Банк Басқармасының мүшесімен қол қойылатын Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру хаттамасы жасалады;

- 7) Банк Директорлар кеңесі мүшелерін сырттай дауыс берудің қорытындылары туралы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде хабардар етеді.
9. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, оның ерекше пікірі Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама) енгізілуін талап етуге құқығы бар. Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі, сондай-ақ өзінің жазбаша түрде баяндалуы мүмкін; бұндай жағдайда осындай құжат Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама) міндетті қосымша болып табылады.
10. Директорлар кеңесінің қарауына шығаратын мәселелер бойынша ең маңызды мәселелерді қарау және ұсыныстарды дайындау мақсатында, сондай-ақ қолданылатын заңнамадағы талаптарды сақтау мақсатында, Директорлар кеңесі арнайы кеңес беру органдарды – Директорлар кеңесінің комитеттерін құрайды.  
Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру тәртібі мен жұмысы, сондай-ақ оның сандық құрамы қолданылатын заңнаманың нормаларын есепке ала отырып, Директорлар кеңесімен бекітілетін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.
11. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауы бойынша осы және басқа да мәселелерді зерттеу үшін өзінің тұрақты және уақытша комиссияларды (жұмыс топтарын) құруға құқығы бар.  
Директорлар кеңесі комиссияларының (жұмыс топтарының) жұмыс тәртібі Директорлар кеңесімен белгіленеді.
12. Директорлар кеңесі Банкте тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиісті жүйелердің қалыптастыруына және қызмет көрсетуіне бақылау жасайды.

13. Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысына өткен қаржы жылы үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті ұсынуға міндетті.

Көрсетілген есепті қарау нәтижелері бойынша Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысы Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылдағы жұмысын қанағаттанарлық немесе қанағаттанбаған деп тануға құқығы бар.

## 17 бап. Банк Басқармасы

1. Банктің ағымдағы қызметіне басшылық жасау, құрамына Басқарма төрағасы, оның орынбасарлары және оның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің басқа да қызметкерлері кіретін, оның Басқармасымен (бұдан әрі осы бапта — Басқарма) жүзеге асырылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Банк акционерлерінің жалпы жиналысының, Банк Директорлар кеңесінің және Банк Басқарма Төрағасының құзырына жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауына құқығы бар.

Басқарма, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарымен оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма Банк акционерлер жалпы жиналысының және Банк Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

2. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек.

Банк Директорлар кеңесімен белгіленген Басқарма өкілеттіліктерінің мерзімі үш жылдан кем болмауы керек.

3. Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылатын жеке тұлғасы Қазақстан Республикасының банктік заңнамасындағы банктің басшылық жасайтын қызметкерлеріне қойылатын талаптарға, сондай-ақ - құнды қағаз нарығында Банк кәсіби қызметті жүзеге асырған жағдайда - Қазақстан Республикасының құнды қағаздарының нарығы туралы заңнамасындағы уәкілетті орган берген лицензияның негізінде құнды қағаз нарығында іс-әрекет жасайтын заңды тұлғаның басшылық жасайтын қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.

4. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлануға жатады.

5. Басқарма отырыстары қажеттілікке қарай жүргізіледі.

Басқарманың отырысы Басқарма төрағасының, оны ауыстыратын Басқарма мүшесінің немесе кез келген екі Басқарма мүшесінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

